

А.Т. Казыкешова*, PhD¹

А.Н. Жанбырбаева, PhD²

М.Х. Абдинова, ассистент профессор³

Г.Қ. Аканова, PhD⁴

Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті,
Өскемен қ., Қазақстан¹

Нархоз университеті, Алматы қ., Қазақстан²

Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті,
Алматы қ., Қазақстан³

Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық зерттеу университеті,
Алматы қ., Қазақстан⁴

* – негізгі автор (хат-хабар үшін автор)

e-mail: Akasykeshova@mail.ru

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК - ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫН РЕТТЕУДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ ҰСЫНЫС

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы аймақтық теңгерімсіздікке ерекше назар аударылған. Бұл стратегиялық құжатта жалпыұлттық саулықты нығайту мен әділетті қоғам қалыптастыру үшін кешенді реформалар қолға алынатыны атап өтілген. Қазақстанның 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында да осы бағыттағы мәселелер нақты көрсетілген. Атап айтқанда, макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізу барысында аймақтар арасындағы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің әркелкілігі елеулі проблема ретінде танылып отыр.

Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын тұрақтандыру мен реформалау, экономикалық өсімді қамтамасыз етумен қатар, әлеуметтік әділеттілік қағидатын жүзеге асырудың да маңызды тетігі болып табылады. Бұл ретте аймақтарды сапалы басқару, мемлекеттік қолдау тетіктерін тиімді қолдану, өндірістік инфрақұрылымды жаңғырту, сондай-ақ адами капиталды дамытуға басымдық беру қажет.

Осы ғылыми мақалада Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері мен оны стратегиялық тұрғыдан басқарудың тұжырымдамалық жолдары қарастырылады. Алматы облысы – республикадағы өнеркәсіптік және аграрлық әлеуеті жоғары, көпсалалы құрылымы қалыптасқан ірі өңірлердің бірі. Сондықтан оның даму әлеуетін тиімді пайдалану және өңірлік саясатты жетілдіру – елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Зерттеу барысында облыстың аграрлық және индустриялық әлеуеті, еңбек нарығының жағдайы, мемлекеттік қолдау тетіктері мен инфрақұрылымдық даму деңгейі кешенді түрде талданды. Жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ), нақты көлем индексі, жұмыспен қамту мен әлеуметтік инфрақұрылым көрсеткіштері негізінде өңірдің даму динамикасына индикаторлық және салыстырмалы талдау жүргізілді. Нәтижесінде, өңірлік бағдарламалық басқару моделінің құрылымдық-логикалық үлгісі әзірленіп, аймақтың әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған тұжырымдамалық ұсыныстар ұсынылды. Жаңа ғылыми нәтижелер ретінде мақсатты-бағдарламалық басқару тәсілінің тиімділігі, кластерлік даму тетіктері мен адами капиталға инвестиция тартудың маңыздылығы негізделді. Зерттеу қорытындылары Алматы облысының даму әлеуетін арттыруға және мемлекеттік аймақтық саясатты жетілдіруге ғылыми-тәжірибелік үлес қосады.

Кілт сөздер: аймақтың дамуы, әлеуметтік даму, экономикалық өсу, мемлекеттік реттеу, жүйелік құрылым, мақсатты басқару, бағдарламалық модель.

Ключевые слова: региональное развитие, социальное развитие, экономический рост, государственное регулирование, системная структура, целевое управление, программная модель.

Keywords: regional development, social development, economic growth, state regulation, system structure, goal-oriented management, program model.

JEL classification: R1

Кіріспе. 2015 жылғы 30 қарашада Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан

халқына жолдауында әлемдік экономикалық тұрақсыздық жағдайында ұлттық экономиканы әртараптандырудың стратегиялық маңыздылығын атап өтті.

Мемлекет басшысы жаһандық дағдарыстың салдарын еңсерудің тиімді жолы ретінде индустрияландыру бағдарламасын жалғастыру қажеттігін көрсетті. Бұл ретте жаңа инвестициялық саясатты қалыптастырудың, әсіресе өңірлік деңгейде экономикалық өсу нүктелерін айқындаудың өзектілігі баса айтылды. Елдің барлық инвестициялық жобалары аймақтарда жүзеге асырылуы тиіс екендігіне назар аударылды. Осы мақсатта алты макроаймақ (Оңтүстік, Солтүстік, Орталық-Шығыс, Батыс, Алматы және Астана) үшін жеке бағдарламалар әзірлеу ұсынылды. Ірі өңірлік жобалар шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту – экономиканың тұрақты құрылымын қалыптастырудағы маңызды бағыт ретінде қарастырылды.

Бұл тұрғыда «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының макроаймақтық инвестициялық саясатпен үйлесімді жұмыс істеуі қажет екендігі атап көрсетілді [1]. Сонымен қатар, облыс аумағында Орталық Азиядағы ең ірі урбанизацияланған құрылымдардың бірі — Алматы агломерациясының орналасуы өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму бағытына және халықтың өмір сүру деңгейінің өзгеру динамикасына елеулі әсер етуде. Агломерация аумағындағы инфрақұрылымның қарқынды дамуы мен өндірістік, көліктік, сервистік тораптардың шоғырлануы облыстың дамуына мультипликативтік ықпал жасап отыр [2]. Осыған байланысты, Алматы облысының аумақтық дамуы мен әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің өзгерісін зерттеу Қазақстанның өңірлік даму стратегиясын қалыптастыруда маңызды орын алады.

Бұл стратегиялық бағыттар Қазақстанның өңірлік дамуының ұзақ мерзімді тұрғыда мақсатты басқару моделін айқындауға негіз болады.

Зерттеу мақсаты – Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуын реттеуге бағытталған бағдарламалы-мақсатты басқару тұжырымдамасын әзірлеу және оны өңірлік саясатпен ықпалдастыру жолдарын негіздеу.

Зерттеу міндеттері:

- Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер ететін негізгі факторларды анықтау;
- Өңірлік даму индикаторларын салыстырмалы талдау;
- Бағдарламалы-мақсатты басқару моделін әзірлеу;
- Аймақтық саясаттың тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар жүйесін ұсыну.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеудің эмпирикалық базасы ретінде Алматы облысының 2022–2024 жылдар аралығындағы әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты ресми статистикалық деректер, стратегиялық және бағдарламалық құжаттар, ҚР Ұлттық статистика бюросының есептері мен жергілікті атқарушы органдардың талдамалық материалдары пайдаланылды.

Зерттеу барысында жүйелі талдау әдісі, индикаторлық бағалау әдісі, салыстырмалы талдау, құрылымдық-логикалық модельдеу, контент-талдау, графикалық және кестелік әдістер, сондай-ақ Excel бағдарламасы арқылы статистикалық өңдеу тәсілдері қолданылды.

Ғылыми жаңалығы – Алматы облысының даму ерекшеліктерін ескере отырып, аймақтық даму процесін басқаруға арналған құрылымдық-мақсатты модельдің тұжырымдалуы және оны стратегиялық жоспарлау жүйесімен үйлестіру тетіктерінің ұсынылуы.

Әдебиеттік шолу. Қазақстандағы өңірлік дамудың теориялық және әдіснамалық негіздері отандық және шетелдік зерттеушілер еңбектерінде жан-жақты қарастырылған.

Алматы облысының аймақтық дамуын тиімді реттеу үшін өңірлік басқарудың ғылыми негізделген тәсілдерін қолдану өзекті мәселеге айналып отыр. Бұл ретте аймақтық дамуды жоспарлау мен жүзеге асыруда стратегиялық және бағдарламалық басқару құралдарын үйлесімді қолдану маңызды. Аймақтың аграрлық және индустриялық әлеуетін тиімді пайдалану, инновациялық технологияларды ендіру және инфрақұрылымдық даму арқылы өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын тұрақтандыруға мүмкіндік туады. Ғалымдар Р.А. Кузембекова мен А.Н. Жанбырбаеваның пікірінше, ауылдық аумақтардағы кедейшілік деңгейі мен әлеуметтік теңсіздік аймақтық саясаттың тиімділігін арттыруды талап етеді [3].

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен агломерациялық инфрақұрылымының кеңею үдерістері және аумақтық теңестіру мәселесін зерттеген отандық ғалымдардың А.А. Сатыбалдина, Н.К. Нұрланова мен А.А. Кирееваның монографиясындағы еңбектерде ерекшеленеді [4].

Д.М. Мұсаева, Г.Ж. Әлібекова, Tunc Medeni және М.И. Дабылова өз еңбектерінде аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты жүйелі мәселелер мен басқару

тәжірибесіне баламалы көзқарас ұсынады. Ғалымдар аумақтық диспропорция жағдайында жинақталған қайшылықтар мен мәселелерді шешудегі әлеуметтік ғылымдардың үлесінің азаюына, сондай-ақ ғылыми кадрлар мен қолданбалы зерттеулердің тапшылығы нәтижесінде туындайтын ситуациялық басқару тәсілдеріне назар аударады [5].

Сонымен қатар, өңірлік еңбек нарығының даму үрдістерін зерттеген ғалымдардың еңбектерін атап өткен жөн. Мәселен, Г.Н. Аязбаева мен Л.Б. Жакыпбектің Алматы облысындағы еңбек нарығының қазіргі жағдайына арналған зерттеуінде жұмыссыздық деңгейінің динамикасы, жұмыспен қамту құрылымы, жастарды жұмысқа орналастыру мәселелері және еңбек ресурстарын тиімді пайдалану жолдары қарастырылған. Зерттеу барысында еңбек нарығындағы аумақтық теңсіздік пен еңбек миграциясы мәселелері де көтерілген [6].

Шетелдік авторлар аймақтық дамуды нақты әлеуметтік категорияларға қатысты зерттеген. Мәселен, олар тұтынуды көбіне әлеуметтік топтар арасындағы талғам айырмашылығын зерттеуге бағытталғанымен, нақты шығындар құрылымы айтарлықтай зерттелмеген. Автор Мэри Дугластың еңбектеріне сүйене отырып, үй шаруашылығы шығындарын төрт топқа бөліп, олардың әлеуметтік ұдайы өндіріс стратегияларымен байланысын анықтайды. Зерттеу нәтижесінде мәдени капитал мен нақты тұтыну арасында әлсіз байланыс бары белгілі болды. Бұл тәсіл аймақтық даму зерттеулерінде үй шаруашылығы шығындарын ескеру қажеттігін көрсетеді [7].

Жалпы алғанда, қазіргі әдебиеттерде келесі өзекті мәселелер толық шешілмеген күйде қалып отыр:

- аймақтық дамудың құрылымдық модельдерін қалыптастыру әдістемесі;
- өңірлік даму көрсеткіштерінің нақты индикаторлық жүйесін енгізу;
- аграрлық және индустриялық әлеуетті үйлестірудің тиімді жолдарын айқындау;
- мемлекеттік бағдарламалар мен өңірлік стратегиялардың өзара ықпалдастығын бағалау тетіктері.

Сонымен қатар, алдыңғы зерттеулерде ұсынылған нәтижелерде бірізділік пен жүйелілік жеткіліксіз, бұл өңірлік саясаттың тиімділігін арттыруда қосымша ғылыми негіздеуді қажет етеді. Осыған байланысты, Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуын стратегиялық тұрғыдан реттеу тетіктерін зерделеу – ғылыми-практикалық мәні зор, әрі отандық өңірлік даму теориясын толықтыруға бағытталған өзекті бағыттардың бірі болып табылады.

Негізгі бөлім. Кез - келген әлеуметтік-экономикалық жүйенің даму негізін оның ішкі құрылымындағы тұрақтылық, тепе-теңдік, толықтылық пен орнықтылықты қамтамасыз ететін элементтер арасындағы өзара байланыстар құрайды. Бұл қатынастар жүйенің функционалдық жарамдылығын, икемділігі мен ұзақ мерзімді даму әлеуетін айқындайды. Мұндай сәйкессіздік, өз кезегінде, жүйелік дағдарыстардың тереңдеуіне және өндірістік қуат пен экологиялық шектеулер арасындағы шиеленістің артуына себеп болуда. Осыған байланысты, әлеуметтік-экономикалық дамудың орнықты моделін қалыптастыруда жаһандық сын-қатерлер мен ішкі мүмкіндіктерді үйлестіру қажеттілігі туындайды. Қоғамның тиімді дамуы аталған қарама-қайшылықтарды басқарудың ғылыми негізделген тәсілдерін талап етеді

Аймақтың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін қарапайым экономикалық құбылыстардан күрделірек құрылымдарға кезең-кезеңімен көшу қажет. Бұл үдеріс белгілі бір жағдайлар мен алғышарттардың болуын талап етеді. Осындай негізде аймақтың әлеуметтік-экономикалық жүйесі жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, дамудың тепе-теңдігі сақталады [8].

Аймақтың тұрақты дамуы – бұл түрлі кедергілер мен жағымсыз әсерлерді еңсеру нәтижесінде қалыптасатын ерекше сапалық күй. Аймақ дамуының негізгі міндеттері мен басым бағыттарын айқындаумен қатар, сол мақсаттарға қандай факторлардың әсері арқылы қол жеткізуге болатынын да нақты түсіну маңызды. Осы тұрғыда аймақтың тұрақты даму стратегиясының маңызды элементі – аймақ дамуының құрылымдық және динамикалық сипаттарын қамтитын кешенді болжам болуы тиіс [9].

Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясы аграрлық сектор мен өңдеуші өнеркәсіптің үйлесімді дамуына негізделген. Аймақтың болашақтағы бәсекелік артықшылықтары – ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі мен терең өңделуін арттыру, сондай-ақ индустриялық-инновациялық инфрақұрылымды дамыту арқылы жаңа өндіріс ошақтарын қалыптастыру. Бұл бағыт аймақтық еңбек нарығын жандандырып, халықты жұмыспен қамту деңгейін арттыруға, ішкі және сыртқы нарықтарға бағытталған жоғары қосылған құны бар өнімдер шығаруға мүмкіндік береді. Өңірлік экономиканың орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік басқару жүйесінде

стратегиялық жоспарлау мен бағдарламалық-нысаналы басқару тетіктерінің тиімділігін арттыру қажет. Бұл ретте, аймақтық даму бағдарламалары өндірістік, инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобалармен өзара байланыста іске асырылуы тиіс. Осы негізде өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымы дамып, халықтың өмір сапасы жақсарады және аймақтық диспропорциялар біртіндеп теңестіріледі [10].

Осыған байланысты бағдарламалық-нысаналық басқару тәсілі аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын тиімді реттеудің құралы ретінде қарастырылады. Бұл тәсіл салааралық және аймақаралық өзара байланыстарды ескере отырып, ел мен өңірдің ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық мақсаттарын айқындауға және оларды жүзеге асыру жолындағы күрделі міндеттерді шешуге бағытталған ғылыми негізделген іс-шаралар жүйесін қамтиды [11].

Қазақстанда 2010 жылдардан бастап аймақтық дамудағы теңгерімсіздіктерді жою және ауылдық аумақтардың әлеуетін арттыру мақсатында бірқатар стратегиялық бағдарламалар қабылданды. Атап айтқанда, «2010 жылға дейінгі Қазақстанның ауылдық аумақтарын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы», «2020 жылға дейінгі өңірлерді дамыту бағдарламасы», және одан кейінгі «2025 жылға дейінгі аумақтық даму тұжырымдамасы» ауыл мен қала арасындағы диспропорцияларды қысқартуға, инфрақұрылымдық жетіспеушіліктерді жоюға және әлеуметтік қызметтерге қолжетімділікті арттыруға бағытталды. Мемлекеттік бағдарламаларда Алматы облысы сияқты ірі аграрлық-өнеркәсіптік өңірлерге ерекше назар аударылып, инфрақұрылымдық жобалар (жол, су, газ, байланыс), ауыл шаруашылығын қолдау тетіктері, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, сондай-ақ халықты еңбекпен қамту мәселелері негізгі басымдықтардың бірі ретінде айқындалды [12].

1 – кесте

**Алматы облысы бойынша негізгі салалардағы жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) динамикасы
(2022–2024 жж.)**

Көрсеткіш	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж.	2024/2022 өзгерісі
Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі, млрд тг	770,6	814,5	679,2	–11,8%
Нақты көлем индексі (НКИ), %	102,5	96,6	85,4	–17,1 т.п.
Мемлекеттік қолдау көлемі, млрд тг	36,7	42,9	35,3	–3,8%
Егіс алқаптарының көлемі, мың га	456,3	460,1	467,1	+2,4%
Сатып алынған техника саны, дана	502	431	379	–24,5%

**[13] Дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған*

Ауыл шаруашылығы саласында 2022–2024 жылдар аралығында теріс үрдістер байқалады. Жалпы өнім көлемі 11,8%-ға төмендеді, бұл сектордағы өндірістік белсенділіктің әлсіреуін білдіреді. Нақты көлем индексінің 17,1 пайыздық тармаққа кемуі саладағы тиімділіктің төмендегенін көрсетеді. Мемлекеттік қолдау көлемі де 3,8%-ға қысқарған, бұл агросекторды ынталандыру шараларын қайта қарауды талап етеді. Сонымен қатар, техникамен жарақтандыру қарқыны төмендеп, сатып алынған ауыл шаруашылығы техникасының саны екі жылда 24,5%-ға азайған. Осыған қарамастан, егіс алқаптары аздап ұлғайып, 2,4%-ға артты.

2 – кесте

Алматы облысының салалар бойынша дамуының салыстырмалы талдауы (2022–2024 жж.)

Сала	2022 жыл (млрд тг)	2023 жыл	2024 жыл	Өсу/төмендеу, %
Өнеркәсіп	1 620	1 716,7	1 811,3	+11,8%
Ауыл шаруашылығы	770,6	814,5	679,2	–11,8%
Құрылыс	314,5	330,7	351,1	+11,6%
ШОБ (шағын және орта бизнес)	2 231	2 534,7	2 701,0	+21,1%

**[13] Дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған*

ЖӨӨ құрылымындағы салалық талдау көрсеткендей, ауыл шаруашылығынан өзге барлық негізгі салаларда тұрақты өсу байқалады. Өнеркәсіп пен құрылыс салалары шамамен 12% шамасында өссе, ШОБ секторы ең жоғары өсім көрсетіп, 21,1%-ға ұлғайған. Бұл өңір

экономикасының құрылымдық трансформациясы жүріп жатқанын, кәсіпкерлікке деген сұраныстың артқанын және урбанизациялық факторлардың күшейгенін білдіреді.

1 – кесте

Алматы облысындағы жұмыспен қамту және әлеуметтік сала көрсеткіштері (2022–2024 жж.)


Көрсеткіш	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж. (нақты)	2023/2022 өзгерісі	2024/2023 өзгерісі
Жасалған жұмыс орындары, барлығы	61 230	68 440	70 800	+11,8%	+3,4%
Оның ішінде тұрақты орындар	50 970	56 667	59 120	+11,2%	+4,3%
Жұмыссыздық деңгейі, %	5,0	4,7	4,5	↓0,3	↓0,2
Ұлттық жоба арқылы қамтылғандар	19 500	25 800	28 100	+32,3%	+8,9%
Қысқа мерзімді оқытуға қамтылғандар, адам	438	522	610	+19,2%	+16,9%
Оқыған соң жұмысқа орналасқандар, адам	368	447	526	+21,4%	+17,7%
Субсидияланған жұмыс орындарына орналастырылғандар	9 520	11 044	11 700	+16,0%	+5,9%
Атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылар саны	10 360	9 511	8 900	–8,2%	–6,4%
АӘК төлемдерінің жалпы көлемі, млрд тг	5,8	5,6	5,4	–3,4%	–3,6%
Кепілдендірілген әлеуметтік пакет алған балалар саны	16,2	17,3	17,9	+6,8%	+3,5%
Облыстағы мүгедек жандар саны, мың адам	41,2	42,5	43,4	+3,2%	+2,1%
Әлеуметтік қызметтермен қамтылғандар саны, адам	4 050	4 256	4 312	+5,1%	+1,3%

*[13] Дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Жұмыспен қамту және әлеуметтік салада оң өзгерістер байқалады. Жұмыссыздық деңгейі жылдан-жылға төмендеп, жаңа жұмыс орындарының саны артып келеді. Қысқа мерзімді оқытудан кейін жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары (85–87%). Бұл - еңбек нарығының икемділігі мен мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін көрсетеді. Сонымен қатар, атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны азайып, бұл тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының біртіндеп жақсарғанын көрсетеді.

Аймақты дамытуда мақсатты бағдарламалық тәсіл – әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді жақсартудың тиімді құралы болып табылады. Бұл тәсіл аймақтық ерекшеліктерді, ресурстық әлеуетті, инфрақұрылымдық жағдайды және халықтың өмір сүру деңгейін ескере отырып, нақты нәтижелерге бағытталған мақсаттар мен міндеттер жүйесін қалыптастыруды көздейді. Мақсатты бағдарламалар мемлекеттік жоспарлау жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде стратегиялық құжаттармен тығыз байланыста жүзеге асырылады. Бағдарламалық тәсіл аймақтың ұзақ мерзімді даму басымдықтарын нақтылап, ресурстарды тиімді бөлуді және мемлекеттік қолдаудың үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Бұл бағыттар өңірлік даму бағдарламалары шеңберінде кешенді жобалар мен іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады. Аймақтық деңгейде жүзеге асырылатын бағдарламалар әлеуметтік инфрақұрылымды жетілдіруге, шағын және орта бизнесті қолдауға, жұмыспен қамтуды арттыруға және ауылдық аумақтардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталуы қажет. Ғалымдардың пікірінше (Сатыбалды А.А., Нұрланова Н.К.), мақсатты бағдарламалық басқару жүйесі экономиканы әртараптандыру мен кластерлік дамуды қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Сонымен қатар, бағдарламалар тиімді жүзеге асуы үшін мониторинг, бағалау және кері байланыс механизмдері толыққанды жұмыс істеуі тиіс. Осылайша, мақсатты бағдарламалық тәсіл аймақтық саясаттың тиімділігін арттыруға, әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға және экономикалық өсудің орнықты моделін қалыптастыруға мүмкіндік береді [13].

Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуын реттеуге бағытталған құрылымдық модель 1-суретте бейнеленген. Осындай модель өңірдің негізгі әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге арналған және бағдарламалы-мақсатты басқару әдісіне сүйене отырып құрылған.



Сурет – 1. Аймақты мақсаттық -бағдарламалық басқарудың және әлеуметтік - экономикалық дамудың құрылымдық моделі

**Зерттеу нәтижесінде авторлармен құрастырылған*

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын тиімді реттеу үшін мақсатты бағдарламалар мен стратегиялық жоспарлар бірнеше басқару деңгейінде қалыптастырылады. Бірінші деңгей – жалпы мемлекеттік, мұнда мемлекет аймақаралық мәселелерді шешу, аймақтардың дамуын ынталандыру және болашаққа арналған салалық бағдарламаларды әзірлеу арқылы өңірлік экономикаға ықпал етеді. Бұл бағдарламалар өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік сияқты нақты салаларға бағытталып, олардың дамуына серпін береді.

Екінші деңгей – аймақтық, ол жергілікті билік органдарының құзырында жүзеге асады және аймақтың ішкі ресурстарына сүйене отырып, экономиканы қолдау, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, басқару жүйесін жетілдіру мен тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған кешенді стратегияларды қамтиды.

Осы мақсатты-бағдарламалық басқару тәсілі негізінде әлеуметтік-экономикалық дамуды реттеудің көпдеңгейлі иерархиялық жүйесі қалыптасып, аймақтың даму үдерісін үйлестіруге мүмкіндік береді (кесте 4).

4 – кесте

Аймақтық басқару жүйесінің деңгейлер бойынша жіктелуі

Басқару деңгейі	Жоспарлы құжат түрлері	Атауы
Жалпы мемлекеттік	Мемлекеттің стратегиялық дамуы	«Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары» [1]
	Мемлекеттің стратегиялық жоспарының дамуы	Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына 2024 жылғы жоспары [2]
	Экономика салаларын қолдау бағдарламалары	Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 маусымдағы № 636 қаулысымен – Астана, 2013[7]
		«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 301 Қаулысы [7]
Аймақтық	Аймақтарды дамыту бағдарламалары	2020 жылға арналған Алматы облысының индустриалды – инновациялық дамуының тұжырымдамасы [8]

**Зерттеу нәтижесінде авторлармен құрастырылған*

Алматы облысы орташа дамыған өңірлер қатарына жататындықтан, оның болашағына әсер ететін стратегиялық басым бағыттарға ерекше назар аудару қажет. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру үшін бір адамға шаққандағы ішкі аймақтық өнім көлемін, өнеркәсіп өндірісін, инновациялық өнім шығаруды, орташа айлық жалақы мөлшерін және күнкөріс деңгейін көтеруге бағытталған нақты шаралар қабылдануы тиіс.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуын реттеуде мақсатты-бағдарламалық басқару тәсілінің тиімділігін негіздеді. Зерттеу барысында аймақтың аграрлық, индустриялық, инфрақұрылымдық және әлеуметтік салалардағы даму үрдістері жүйелі түрде талданып, аймақтың ерекшеліктеріне бейімделген құрылымдық-мақсаттық модель ұсынылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы - Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуын тиімді реттеуге арналған бағдарламалы-мақсатты басқарудың құрылымдық моделін әзірлеу және оны мемлекеттік жоспарлау жүйесімен үйлестіру тәсілдерін ұсыну болып табылады. Бұл модель өңірдің ресурстық әлеуетін, урбанизация әсерін, еңбек нарығындағы динамиканы және инфрақұрылымдық даму деңгейін кешенді түрде қамти отырып, аймақтық саясаттың тиімділігін арттыруға бағытталған.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, төмендегідей ұсыныстар жасалды:

1. Аймақтық дамуды стратегиялық жоспарлау құжаттарымен үйлестіру;

2. Мемлекеттік бағдарламаларды нәтижеге бағытталған жүйелі іске асыру;
3. Инновациялық, технологиялық және экспортқа бағытталған өндірістерді дамыту;
4. Шекара маңындағы инфрақұрылымды жетілдіру және кластерлік жүйені қолдау;
5. Туризм мен сервистік саланы халықаралық деңгейге бейімдеу;
6. Ауыл мен қала арасындағы әлеуметтік теңгерімді қамтамасыз ету;
7. Еңбек нарығында жастарды жұмыспен қамтуға заңнамалық негіз енгізу;
8. Электронды басқару инфрақұрылымын шалғай ауылдарға дейін кеңейту.

Жалпы алғанда, ұсынылып отырған бағыттар мен модель аймақтың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға және орнықты экономикалық өсуге негізделген. Зерттеу нәтижелерін өңірлік басқару практикасына енгізу арқылы Алматы облысының дамуын жаңа сапалық деңгейге көтеруге болады. Сонымен қатар, бұл модель өзге өңірлер үшін де бейімделетін әдістемелік негіз бола алады.

Жоғарыда көрсетілген ұсыныстарды кешенді түрде жүзеге асыру арқылы Аймақтың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда мақсатты- бағдарламалық реттеу мен инвестициялық саясатты үйлестіре жүргізу маңыздылығын ескере отырып, әлеуметтік-экономикалық дамуды жүзеге асыру. Бұл тәсіл инновациялық экономикаға көшуге, өндірістік тиімділікті арттыруға және ғылым мен бизнестің синергиясын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы арқылы өңірлік экономиканың әртараптандырылуы мен орнықты дамуына жол ашылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму: Қазақстан халқына Жолдау. 30 қараша 2015 ж. // Егемен Қазақстан. – 2015. – Б. 1–3. – URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/page_poslanie-glavy-gosudarstva-nursultana-nazarbaeva-narodu-kazakhstan-kazakhstan-v-novoi-globalnoi-realnosti-ro
2. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000636> (жүгінген күні: 18.09.2024)
3. Кузембекова Р.А., Жанбырбаева А.Н. Социально-экономические факторы бедности сельских территорий Алматинской области и перспективы их регулирования // Региональные проблемы развития Казахстана. – 2022. – №3(65). – С. 81–95. – doi: <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-3-81-95>.
4. Satybaldin A., Dnishev F., Nurlanova N. Assessment of the prerequisites for the transition of the economy of Kazakhstan to the principles of inclusive development and “smart” specialization. – Almaty: Institute of Economics CS MES RK, 2016. – Monograph. – 152 p.
5. Мұсаева Д.М., Әлібекова Г.Ж., Тунц М., Дабылова М.И. Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы: мәселелері мен басқару тәжірибесі // Аймақтық экономика және басқару. – 2022. – №3(57). – Б. 15–22. – URL: https://regional-economy.kz/journal2022/3_57/article2
6. Аязбаева Г.Н., Жакыпбек Л.Б. Алматы облысындағы еңбек нарығының қазіргі жағдайы // ҚазЭХҚСУ Жаршысы. – 2022. – №3(48). – Б. 38–45. – DOI: 10.52260/2304-7216.2022.3(48).38.
7. Hall S. Patterns of consumption and the logic of spending // Theory and Society. – 2021. – №2(50). – P. 251–278. – doi: <https://doi.org/10.1007/s11186-021-09420-4>.
8. Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы // талдамалы –аөпараттық журналы. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/region/almatyobl/> – (жүгінген күні: 18.09.2024)
9. Kozhabaeva S., Mukan B., Yelshibayev R. Human Development in Kazakhstan: Problems and Methods of Analysis // Economics: the strategy and practice. – 2021. – №4(16). – P. 174–187. – doi: <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2021-4-174-187>.
10. Charron-Chénier R. Spending Bundles: Incorporating Household Expenditures in the Sociology of Consumption // Socius. – 2018. – №4. – Article ID: 2378023117752834. – doi: <https://doi.org/10.1177/2378023117752834>.

11. Zhanbyrbayeva A., Doskeyeva G. Regulation of integrated social and economic development of regions through program target management methods // *Life Science Journal (USA)*. – 2013. – P. 612–615.

12. Қазақстан Республикасын индустриалдық-инновациялық дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 846 қаулысы. Өзгертулер мен толықтырулармен. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000965> (жүгінген күні: 18.09.2024)

13. Алматы облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-economy/documents>

REFERENCES

1. Nazarbaev N. Qazaqstan jańa jahandyq naqty ahualda: ósim, reformalar, damu: Qazaqstan halqyna Joldau [Kazakhstan in a new global reality: growth, reforms, development: address to the people of Kazakhstan]. 30 qaraşa 2015 j. // *Egemen Qazaqstan*. – 2015. – B. 1–3. – URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/page_poslanie-glavy-gosudarstva-nursultana-nazarbaeva-narodu-kazakhstana-kazakhstan-v-novoi-globalnoi-realnosti-ro [in Kazakh].

2. Qazaqstan Respublikasynyń 2025 jylǵa deingı últyq damu jospary [National Development Plan of the Republic of Kazakhstan until 2025]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000636> – (zhygingen kúni: 18.09.2024). [in Kazakh].

3. Kuzembekova R., Zhanbyrbayeva A. Social'no-e'konomicheskie faktory bednosti sel'skix territorij Almatinskoj oblasti i perspektivy ix regulirovaniya // *Regional'nye problemy razvitiya Kazaxstana* [Socio-economic factors of rural poverty in the Almaty region and prospects for their regulation]. – 2022. – №3(65). – S. 81–95. – doi: <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-3-81-9> [in Russian]

4. Satybaldin A., Dnishev F., Nurlanova N. Assessment of the prerequisites for the transition of the economy of Kazakhstan to the principles of inclusive development and “smart” specialization. – Almaty: Institute of Economics CS MES RK, 2016. – Monograph. – 152 p.

5. Musaeva D., Alibekova G., Tunc M., Dabylova M. Ajmaqtardyn aleumettik-e'konomikalyq damuy: maseleleri men baskaru tazhiribesi [Socio-economic development of Regions: problems and management experience]// *Ajmaktyq e'konomika zhane baskaru*. – 2022. – №3(57). – B. 15–22. – URL: https://regional-economy.kz/journal2022/3_57/article [in Kazakh].

6. Ayazbaeva G., Zhakypbek L. Almaty oblysyndagy enbek narygynyn qazirgi zhagdajy [The current state of the labor market in Almaty region]// *QazEHQSU Zharshysy*. – 2022. – №3(48). – B. 38–45. – DOI: 10.52260/2304-7216.2022.3(48).38. [in Kazakh].

7. Hall S. Patterns of consumption and the logic of spending // *Theory and Society*. – 2021. – №2(50). – P. 251–278. – doi: <https://doi.org/10.1007/s11186-021-09420-4>

8. Almaty oblysynyn aleumettik-ekonomikalyq damuy [Socio-economic development of Almaty region] // *Taldamaly-aqparattyq zhurnaly*. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/region/almatyobl/> – (zhygingen kúni: 02.10.2024). [in Kazakh].

9. Kozhabaeva S., Mukan B., Yelshibayev R. Human Development in Kazakhstan: Problems and Methods of Analysis // *Economics: the strategy and practice*. – 2021. – №4(16). – P. 174–187. – doi: <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2021-4-174-187>.

10. Charron-Chénier R. Spending Bundles: Incorporating Household Expenditures in the Sociology of Consumption // *Socius*. – 2018. – №4. – Article ID: 2378023117752834. – doi: <https://doi.org/10.1177/2378023117752834>.

11. Zhanbyrbayeva A., Doskeyeva G. Regulation of integrated social and economic development of regions through program target management methods // *Life Science Journal (USA)*. – 2013. – P. 612–615.

12. Qazaqstan Respublikasyn industrialdyq-innovaciialyq damytýdyn 2020–2025 zhylyǵa arnalǵan túzhyrymdamasyn bekity túraly QR Úkimetiniń 2018 zhylyǵy 20 zheltosqandaǵy № 846 qaulysy. Ozgertýler

men tolyqtyrylarmen [Resolution of the government of the Republic of Kazakhstan dated December 20, 2018 No. 846 on approval of the concept of industrial and innovative development of the Republic of Kazakhstan for 2020-2025. With changes and additions]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000965> (zhýgingen kyni: 18.09.2024) [in Kazakh].

13. Almaty oblysynyñ ekonomika zhәне byudzhettik zhosparlau basqarmasy [Department of Economics and budget planning of Almaty region]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-economy/documents/> [in Kazakh].

Казыкешова А.Т., Жанбырбаева А.Н., Абдинова М.Х., Аканова Г.К.

КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ ПРЕДЛОЖЕНИЯ ПО ФОРМИРОВАНИЮ РЕГУЛИРОВАНИЯ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация

В Послании Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева от 2024 года «Справедливый Казахстан: закон и порядок, экономический рост, общественный оптимизм» особое внимание уделено проблеме регионального дисбаланса в социально-экономическом развитии страны. В этом стратегическом документе подчеркивается необходимость проведения комплексных реформ для укрепления национального благополучия и построения справедливого общества. В Национальном плане развития Казахстана до 2025 года эти вопросы также рассматриваются как приоритетные. В частности, при обеспечении макроэкономической стабильности межрегиональные различия в уровне социально-экономического развития признаются значительной проблемой.

Стабилизация и реформирование социально-экономического состояния регионов, наряду с обеспечением экономического роста, является важным механизмом реализации принципа социальной справедливости. В этом контексте требуется качественное управление регионами, эффективное применение механизмов государственной поддержки, модернизация производственной инфраструктуры и приоритетное развитие человеческого капитала.

В данной научной статье рассматриваются особенности социально-экономического развития Алматинской области и концептуальные подходы к её стратегическому управлению. Алматинская область является одним из крупных регионов страны с высоким аграрным и индустриальным потенциалом и сформированной многопрофильной структурой. Эффективное использование её потенциала и совершенствование региональной политики рассматриваются как важнейшие факторы устойчивого социально-экономического развития страны. В исследовании комплексно проанализированы аграрный и индустриальный потенциал области, состояние рынка труда, механизмы государственной поддержки и уровень инфраструктурного развития. На основе показателей валового регионального продукта (ВРП), индекса физического объема, занятости и развития социальной инфраструктуры проведён индикаторный и сравнительный анализ динамики развития региона. В результате разработана структурно-логическая модель программного управления развитием региона и сформулированы концептуальные предложения по обеспечению его социально-экономической стабильности. В качестве научных результатов обоснована эффективность программно-целевого подхода, актуальность кластерного развития и важность привлечения инвестиций в человеческий капитал. Итоги исследования представляют собой научно-практический вклад в повышение потенциала развития Алматинской области и совершенствование государственной региональной политики.

Kazykeshova A., Zhanbyrbayeva A., Abdinova M., Akanova G.

CONCEPTUAL PROPOSALS FOR A REGULATION OF SOCIAL AND ECONOMIC DEVELOPMENT OF ALMATY REGION

Annotation

In his 2024 Address to the Nation titled “A Just Kazakhstan: Rule of Law, Economic Growth, and Public Optimism”, President of the Republic of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev emphasized the issue of regional disparities in the country’s socio-economic development. This strategic document outlines the implementation of comprehensive reforms aimed at strengthening national well-being and building a just society. Similar issues are explicitly addressed in the National Development Plan of Kazakhstan until 2025. In particular, interregional differences in socio-economic development levels are recognized as a significant challenge to achieving macroeconomic stability.

Stabilizing and reforming the socio-economic conditions of regions, while ensuring economic growth, is also seen as a crucial mechanism for realizing the principle of social justice. In this context, it is necessary to improve the quality of regional governance, apply effective mechanisms of state support, modernize production infrastructure, and prioritize human capital development.

This scientific article examines the specific features of socio-economic development in the Almaty region and conceptual approaches to its strategic management. As one of the largest and most diversified regions in Kazakhstan, with strong industrial and agricultural potential, Almaty region plays a key role in the country's sustainable development. Efficient utilization of its potential and improvement of regional policy are essential factors contributing to national socio-economic stability.

The study provides a comprehensive analysis of the region's agricultural and industrial potential, labor market conditions, state support mechanisms, and level of infrastructural development. Based on indicators such as gross regional product (GRP), physical volume index, employment, and social infrastructure, indicator-based and comparative analyses of the region's development dynamics were conducted. As a result, a structural-logical model of regional program-based management was developed, and conceptual recommendations aimed at ensuring socio-economic stability of the region were proposed. The study justifies the effectiveness of program-targeted management approaches, the relevance of cluster development mechanisms, and the importance of investing in human capital. The findings make a scientific and practical contribution to enhancing the development potential of Almaty region and improving national regional policy.

